

Анықтама

Мектеп кітапханасында 5 сынып оқушыларының қатысуымен ағымдағы жылдың 18 наурыз күні «Табиғат-тіршілік бесігі!» атты оқу сағаты, кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты:

1. Білімділік: Оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту;
2. Тәрбиелік: табиғатты қорғауға, елін, жерін сүюге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру, Табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу.

Табиғат – барлық тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, алтын ұя- бесігі, бар байлықтың ырыс, қазынасы. Ал, адам үшін табиғат ең қасиетті де, қастерлі ұғым! Өйткені адамның өзін дүниеге алып келген аяулы да ардақты Анасы, сондықтан да адамның табиғатты «Ана» деп құрметтеуінде де өте терең танымдық та, тағылымдық және тәрбиелік мәні зор ұғым жатыр.

Туған жерді Анам демей не дейін,

Туған жерді панам демей не дейін.

Туған жермен асқақ менің ән-жырым,

Туған жермен асқақ менің мерейім.

